

« Ақтөбе қаласы білім бөлімі»ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
«№41 « Назерке » бөбекжай - балабақшасы »
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
2024 жылғы «29» 08

№ 400 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА
«Ойна да, ойлан!»
(мектепалды тобы)

Ақтөбе, 2024 жыл

Бағдарламаның негізі: А.Оразов « Қызықты 120 есеп» 2001 жыл

Құрастырған : Исмагулова Ж.Ж.

№41 « Назерке » бөбекжай - балабақшасының педагогикалық кеңес отырысында « Ойна да,ойлан!» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

« 27 » 08 2024 жыл

«№41 «Назерке» бөбекжай – балабақша » МКҚК меңгерушісі:


А.Г.Уртамбаева
(аты-жөні)



Қалалық сараптау комиссиясының отырысында « Ойна да, ойлан!» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1

« 28 » 08 2024 жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы



Ж.Б.Шалабаева
(аты-жөні)

Ақтөбе қаласы, №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі
Ж.Ж.Исмагулованың «Ойна да, ойлан!» бағдарламасына

П І К І Р

Қазіргі таңда мектепке дейінгі баланы оқыту мен тәрбиелеудегі әлемдік озық тәжірибеге негізделіп жасалған баланың жеке ерекшеліктерін, қабілетін, дарыны мен талантын ашуға және оны жан-жақты дамытуға бағытталған ойын түріндегі бағдарламалар қажет.

Бұл авторлық бағдарлама мектепке дейінгі жастағы, қоршаған ортасын жаңа танып келе жатқан, балаларды қарапайым математикалық түсініктермен айналасын танып білуге негізделген. Бағдарламада жоспарланған тақырыптар балаларды алған білімдерін функционалды және шығармашылықпен қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдеріне белсенді қатысу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға ойын түрінде бағытталған. Бағдарламаға балалардың жас ерекшелігіне сай геометриялық пішіндер, сандар, тақпақтар, санамақтар, асық арқылы ойналатын ойындар кіріктірілген.

Мектепке дейінгі қарапайым математиканы оқыту: математика негіздерін практикада қолдану арқылы бүлдіршіндердің іс-әрекетін ұйымдастыру, түсіндіру, идеяларымен таныстыру, диалогтарға қатыстыру, математикалық тапсырмаларды орындау әдістерін сипаттау барысында коммуникативтік дағдыларын дамыту; өз жұмысын талдауға және түзетуге ынталандыру болып табылады. Сонымен қатар, өзіндік іс-әрекетін, топтық жұмыс, оның барысында бірін-бірі үйретуді ұйымдастыру және математиканы негіздерін үйретуде балалардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамыту жағы бағдарланған.

Бағдарлама нәтижесінде балалар кеңістік денелерді, геометриялық фигураларды ажыратып, логикалық ойды дамытуға арналған білімдерді меңгереді. Балалар ойын арқылы математикалық тілде сөйлеуге машықтанып, ой-өрісін дамытады; коммуникативтік дағдыларды, психикалық сапаларды, математикалық қабілеттерін дамытады; өз жұмысын талдауға және түзетуге, бір-бірімен тіл табысып, тез ұғынысуға, бір-бірінен ептілікті, тапқырлықты, білімділікті үйренеді.

Пікір беруші

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің профессоры, п.ғ.д.



К.Ж.Туребаева

Түсінік хат

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Дидактикалық дамытушы ойын – баланың қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын баласы екенін ескере келе, дидактикалық дамытушы ойындардың жүйелі қолданылуы жақсы нәтиже береді.

Мектепке дейінгі білім берудің мазмұндық аспектілерін баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған қосымша бағдарлама.

Дидактикалық дамытушы ойындар балаларды бақылау, салыстыруды үйретеді; зейін, ой, ес, шапшаң т.б. психикалық сапаларды, тапқырлық, зеректік, есептеу т.б. математикалық қабілеттерін дамытады; баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді.

Бағдарламаның мақсаты: Балалардың қарапайым математикалық түсініктерін: жиын, сан және санау, шама, геометриялық пішіндер, кеңістікті бағдарлауын дамытушы ойындар арқылы қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеті: 1. Балалардың қарапайым математикалық түсініктерін жиын, сан және санау, шама, геометриялық пішіндер, кеңістікті бағдарлауын дамытушы ойындар арқылы үйрету.

2. Дамытушы дидактикалық ойындар арқылы саусақ қимылдарын, ой-өрісін, танымдық, коммуникативтік, қабылдау дағдыларын дамыту.

3. Ойын барысында қарым-қатынасқа, адамгершілікке, бір-бірін сыйлауға, ауызбірлікке, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Балалардың қарапайым математикалық түсініктері: жиын, сан және санау, шама, геометриялық пішіндер, кеңістікті бағдарлауын дамытушы ойындар арқылы меңгереді. Дамытушы ойындар арқылы ой-өрісі, танымдық, коммуникативтік дағдылары дамиды. Ойын барысында қарым-қатынас, адамгершілік, бір-біріне деген сыйластық, ауызбірлік қатынастары қалыптасады.

«Ойна да , ойлан!» бағдарламасы мектепалды тобына (5-6 жас) аптасына 2 сағатқа енгізілді, 72 сағатты қамтиды.

Тақырыптық жоспар

Рет.саны	Тақырыбы	Сағат саны
1	«Пішіндер үйі»	1
2	«Дәл осындай пішінді тап»	1
3	«Заттарды өлшейік»	1
4	«Үйдің есігін жабайық»	1
5	«Үй тұрғызайық»	1
6	«Үй құрылысының ретін көрсет»	1
7	«Жұбын тап»	1
8	«Бұл үйде кім тұрады?»	1
9	«Әдемі кілемшелер»	1
10	«Әдемі кілемшелер төсейік»	1
11	« Пішіндер доминосы»	1
12	«Таныс пішіндер доминосы»	1
13	«Зейінді бол»	1
14	«Мынау қай пішін?»	1
15	«Кім зейінді?»	1
16	«Қандай пішін шықты?»	
17	«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»	1
18	«Қандай пішін жетіспейді?»	1
19	Заттардың өлшемін салыстырамын	1
20	«Доппен ойнау»	1
21	«Кеңістік»	1
22	«Ойыншықты тап»	1
23	«Не қайда тұр?»	1
24	«Кім шапшаң?»	1
25	«Танып ал да, атын ата»	1
26	«Сипаттамасы бойынша тап»	1
27	«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	1
28	«Ойыншықты тап»	1
29	«Мен санай аламын»	1
30	1 саны және цифры	1
31	2 саны және цифры	1
32	3 саны және цифры	1
33	4 саны және цифры	1
34	5 саны және цифры	1
35	6 саны және цифры	1
36	7 саны және цифры	1
37	8 саны және цифры	1
38	9 саны және цифры	1
39	10 саны және цифры	1

Р. Аманжол

40	«Қандай сан жазылған, кім табады?»	1
41	«Сан құрастырайық»	1
42	«Поезд құрастыр»	1
43	«Дыбыс арқылы санды тап»	1
44	«Тез ойла»	1
45	«Әрі қарай кері сана»	1
46	«Жоқ сандарды ата»	1
47	«Неше домбыра немесе даңғыра»	1
48	«Нешінші?»	1
49	«Қол соғу»	1
50	«Сандарды реті бойынша анықтаймын»	1
51	«Салыстыруды білемін»	1
52	«Алдыңғы, кейінгіні атаймын»	1
53	«Өзара айырмашылығын тап»	1
54	«Қай уақытта болады?»	1
55	«Тәулік бөліктерін білемін»	1
56	«Керісінше айт»	1
57	«Апта күндерін атаймын»	1
58	«Апта күндері бізде қонақта»	1
59	«Жыл мезгілдері болғанда»	1
60	«Ай атаулары, апта күндері, тәулік бөліктері»	1
61	«Заттардың ұзындығы қандай болады?»	1
62	«Заттардың салмағын өлшеймін»	1
63	«Геометриялық фигуралар, денелер»	1
64	«Бүтін және бөлікті ажыратамын»	1
65	«Заттар тобын салыстырамын» « $\langle \rangle$ », « \rangle », « \Rightarrow » белгілері»	1
66	«Қосамын және азайтамын»	1
67	«Сұйық заттарды атау»	1
68	«Сусымалы заттарға нелер жатады?»	1
69	«Сұйық заттар мен сусымалы заттарды өлшей аламын»	1
70	«Мысалдар шығарамын»	1
71	«Есептер шығарамын»	1
72	«Менің қолымнан не келеді және нені білемін?»	1

А. Аманжол

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Пішіндер үйі»	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін пішіндерді атау, түстерін ажырату, салыстыру арқылы үйрету. Ой-өрісін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.	1
2	«Дәл осындай пішінді тап»	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін толықтыра отырып, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Танымдық дағдыларын дамыту. Сыйластыққа тәрбиелеу. Ауызбірлікке тәрбиелеу.	1
3	«Заттарды өлшейік»	Заттарды өлшемі арқылы салыстыруға үйрету. Шама туралы түсінік беру. Оларды ажырату. Көз мөлшерін, ой-өрісін дамыту. Бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.	1
4	«Үйдің есігін жабайық»	Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан, жіңішке заттарды ажыратуға үйрету. . Ойлау қабілетін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.	1
5	«Үй тұрғызайық»	Геометриялық пішіндерден үй құрылысын құрастыру, салыстыруға үйрету. Ойлауын дамыту. Ауызбірлікке тәрбиелеу.	1
6	«Үй құрылысының ретін көрсет»	Түстерді ажыратуға үйрете отырып, жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін, зейін процесстерін дамыту. Сыйластыққа тәрбиелеу.	1
7	«Жұбын тап»	Геометриялық пішіндердің жұбын табуға үйрету. Ажырату, салыстыру дағдыларын, ойлау қабілеттерін дамыту. Бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.	1
8	«Бұл үйде кім тұрады?»	Ертегі құрастыру арқылы әр түрлі пішіндерден құрастырылған үйге кейіпкерлерді орналастыра білуге үйрету, түстерін атау, салыстыру дағдыларын дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.	1
9	«Әдемі кілемшелер»	Бөліктерден кілемше жасауға үйрету. Қабылдау, ес, зейіндерін дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1
10	«Әдемі кілемшелер төсейік»	Бөліктерден кілемше жасауды жалғастыра отырып, түстерін ажыратуын үйрету. Ойлауын, зейінін дамыту. Достыққа	1

Т. Алеев

		тәрбиелеу.	
11	« Пішіндер доминосы»	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін толықтыру. Домино ойынын ойнатуға үйрету. Ой-өрісін, зейінін дамыту. Ауызбірлікке тәрбиелеу.	1
12	«Таныс пішіндер доминосы»	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Танымдық дағдыларын дамыту. Сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу.	1
13	«Зейінді бол»	Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білуге үйрету. Қабылдау дағдыларын дамыту. Адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
14	«Мынау қай пішін?»	Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Пішіндерді ажырата білуін үйрету. Зейінін дамыту. Достыққа, ауызбірлікке тәрбиелеу.	1
15	«Кім зейінді?»	Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыруға жаттықтыра отырып, үйрету. Зейіндерін, ойлауын дамыту. Бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.	1
16	«Қандай пішін шықты?»	Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білуге үйрету. Коммуникативтік, қабылдау дағдыларын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	
17	«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»	Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту. Сөйлеу тілдерін, есте сақтауын дамыту. Сыйластыққа тәрбиелеу.	1
18	«Қандай пішін жетіспейді?»	Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Танымдық дағдыларын дамыту. Ауызбірлікке тәрбиелеу.	1
19	Заттардың өлшемін салыстырамын	Заттарды салыстырамын және ретімен қоямын ұғымын қалыптастыруды жалғастыру. Байқағыштық сезімдерін, санау дағдыларын дамыту. Бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.	1
20	«Доппен ойнау»	Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын қалыптастыру, яғни үйрету. Байқағыштық сезімдерін	1

Т. Алес

		дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	
21	«Кеңістік»	Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту. Сыйластыққа тәрбиелеу.	1
22	«Ойыншықты тап»	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Ойлауын, зейінін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.	1
23	«Не қайда тұр?»	Жоғары-төмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау. Не қайда тұрғанын сұрау арқылы, сөйлеу тілдерін дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1
24	«Кім шапшаң?»	Он және сол жақты, үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ес-ойлауын дамыту. Ауызбірлікке тәрбиелеу.	1
25	«Танып ал да, атын ата»	Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға үйрету. Сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту. Сыйластыққа тәрбиелеу.	1
26	«Сипаттамасы бойынша тап»	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. Коммуникативтік, танымдық дағдыларын дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.	1
27	«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын меңгерту. Ойлауын дамыту. сыйластыққа тәрбиелеу.	1
28	«Ойыншықты тап»	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Үстінде-астында, жоғарыда-төменде, ортасында ұғымдарын бекіту. Сөйлеу дағдыларын, ойлауын дамыту. Ауызбірлікке тәрбиелеу.	1
29	«Мен санай аламын»	Балаларға айналадағы заттарды санауға жаттықтыру. 10-ға дейінгі реттік санау дағдыларын арттыру. Түсі мен пішінін, заттың қандай геометриялық пішінге ұқсас екенін табу. Санау және кері санау бойынша білімдерін жетілдіру. Санау дағдыларын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1
30	1 саны және цифры	Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету. 1 цифры және санымен таныстыру. Заттарды салыстыру дағдыларын, саусақ қимылдарын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1
31	2 саны және цифры	2 санымен және цифрымен таныстыру. Балаларды 2 санының пайда болуы, 2-нің	1

Т. Әлліев

		алдындағы санды шығарып алуға үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту. Бірігіп жұмыс жасауға тәрбиелеу.	
32	3 саны және цифры	3 саны және цифрымен таныстыру. 3 санының пайда болуы, оның құрамымен таныстыруды жалғастыру. 3 көлемінде қосу, азайту амалдарын орындау. Заттарды санауға төселдіру. Заттарды белгілері бойынша топтарға бөлуге үйрету. Саусақ қимылын дамыту. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
33	4 саны және цифры	4 саны және цифрымен таныстыру. 4 санының пайда болуы, оның құрамына есептер шығаруға үйрету. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Өз бетінше еңбек ете білуге тәрбиелеу.	1
34	5 саны және цифры	5 саны және цифрымен таныстыру. 5 санының пайда болуы, оның құрамына есептер шығаруға үйрету. Ненің артық ненің кем екенін және қаншалықты артық екенін, ненің кем және қаншалықты кем екенін түсіндіру. Сөйлеу тілдерін, саусақ қимылдарын дамыту. Ұжымды жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
35	6 саны және цифры	Балаларды 6 саны және цифрымен таныстыру. Берілген мысалдар бойынша жағдайлар (тапсырмалар) құрастыру дағдысын бекіту. Тең, сонша, артық, кем түсініктерін кеңейту. Реттік санау дағдыларын дамыту. Жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.	1
36	7 саны және цифры	Балаларды 7 саны және цифрымен таныстыру. 7 санының құрамын анықтау. Қолдарын жазуға үйрету. Танымдық дағдыларын дамыту. Бірігіп жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
37	8 саны және цифры	8 саны және цифрымен таныстыру. 8-дің пайда болуы, оның алдындағы санды шығарып алу негізін, сан құрамын анықтау. Есептеу дағдыларын дамыту. Ауызбірлікке, достыққа тәрбиелеу.	1
38	9 саны және цифры	9 саны және цифрымен таныстыру. Жасалу жолын үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұжымдық, топтық жұмыс	1

T. Aliev

		жасауға тәрбиелеу.	
39	10 саны және цифры	10 саны және оның жазылумен, 10 санының құрамымен таныстыру. 10-ға дейінгі реттік санауды бекіту. Ауызша жұмыстар орындау дағдыларын дамыту. Бірігіп жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
40	«Қандай сан жазылған, кім табады?»	Сандарды ретімен атауға үйрету. Сандарды тану, ажырату дағдыларын дамыту. Белсенділікке, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.	1
41	«Сан құрастырайық»	Санның құрамын пысықтау. Ойлауын, зейінін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.	1
42	«Поезд құрастыр»	1-ді қосуды қайталану және үйрету. Санау дағдыларын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1
43	«Дыбыс арқылы санды тап»	Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау. Ойлауын, есте сақтауын, зейінін дамыту. Ауызбірлікке тәрбиелеу.	1
44	«Тез ойла»	Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. Шапшандыққа, тез ойлауға, сыйластыққа тәрбиелеу.	1
45	«Әрі қарай кері сана»	10 көлеміндегі сандарды кері қарай санауды қайталау. Есте сақтауын дамыту. Адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу.	1
46	«Жоқ сандарды ата»	Сандардың реті туралы білімдерін бекіту; байқағыштыққа, тез орналастыруға баулу; математикаға қызығушылығын арттыру. Танымдық дағдыларын дамыту. Сыйластыққа тәрбиелеу.	1
47	«Неше домбыра немесе даңғыра»	Артық-кем ұғымдарын бекіту. Ойлауын, зейінін дамыту. Өзара сыйластыққа, ұжымды жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
48	«Нешінші?»	«Нешінші?» ұғымын үйрете отырып, қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын, қызығушылығын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1
49	«Қол соғу»	Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру. Сөйлеуін, есте сақтауын дамыту. Бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.	1
50	«Сандарды реті	«Нешеу?» және «Реті бойынша нешінші?»	1

Т. Алеев

	бойынша анықтаймын»	екенін анықтауға үйрету. 1-ден 10-ға дейінгі сандармен жұмыс жасауын бақылау. Түрлі тапсырмаларды орындау дағдыларын дамыту. Жинақылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
51	«Салыстыруды білемін»	Заттарды санына қарай салыстыруға үйрету. Көп-аз, артық-кем, сонша ұғымдарын қалыптастыру. Теңестіру жолдарын меңгерту. Балалардың ойлауын дамыту. Тапқырлыққа тәрбиелеу.	1
52	«Алдыңғы, кейінгіні атаймын»	Балалардың алдыңғы, кейінгі сандар туралы түсініктерін жетілдіру. Қозғалыс бағытын, өздері мен заттар арасындағы және заттардың бір-бірінің арасындағы қозғалыс бағытын бағдарлай алу дағдысын дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.	1
53	«Өзара айырмашылығын тап»	Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыра отырып, ойлау қабілетін дамыту. Ауызбірлікке тәрбиелеу.	1
54	«Қай уақытта болады?»	Бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; таңертең, кешке, күндіз, түнде секілді уақыт кезеңдері туралы түсінік беру. Олардың аттарын есте сақтай отырып, ойлау қабілеттерін дамыту. Бір-біріне түсіністікпен қарауға тәрбиелеу.	1
55	«Тәулік бөліктерін білемін»	Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Ойлауын дамыту. Сыйластыққа тәрбиелеу.	1
56	«Керісінше айт»	Тәулік жөнінде түсініктерін бекіту. Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуін тиянақтау. Ойлауын, сөйлеуін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.	1
57	«Апта күндерін атаймын»	Балалардың апта күндері туралы білімдерін толықтыру. Ретімен атауға жаттықтыру. Орналасу заңдылығын сақтауға үйрету. Ойлауын, сөйлеуін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
58	«Апта күндері бізде қонақта»	Апта күндерін атап, үйретуді тиянақтау. Ретімен айтқызуын бекіту. Есте сақтауын дамыту. Сыйластыққа тәрбиелеу.	1
59	«Жыл мезгілдері болғанда»	Балалардың жыл, тәулік мезгілдері, апта күндері туралы білімдерін үйрете отырып,	1

Теллер

		толықтыру. Жылдың 4 мезгілі, әр жыл мезгілінде 3 айдан тұратыны туралы түсінігін қалыптастыру Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, тәртіпті болуға тәрбиелеу.	
60	«Ай атаулары, апта күндері, тәулік бөліктері»	Балалардың ай атаулары, апта күндері, тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту. Өтіп жатқан ай, кун, апта күнінің аттарын анықтау іскерлігін бекіту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Еңбек ете білуге тәрбиелеу.	1
61	«Заттардың ұзындығы қандай болады?»	Заттардың ұзындығы бойынша өлшеп, салыстыруға үйрету. Ең ұзыны, ең қысқасы түсінігін қалыптастыру. Көз байқағыштығын, ойлауын дамыту. Бірлесіп жұмыс жасауға, бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу.	1
62	«Заттардың салмағын өлшеймін»	Балаларды заттардың салмағын анықтауға, салыстыруға үйрету. Әр түрлі заттар мен материалдардың өз салмағы болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Олардың салмағын анықтау үшін заттарды өлшеу тәсілдерімен таныстыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды ауыз-бірлікке тәрбиелеу.	1
63	«Геометриялық фигуралар, денелер»	Геометриялық фигуралар туралы түсініктерін бекіту. Көлемді денелер текше, шар, конус, цилиндр туралы түсініктерін нақтылау. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндегі заттарды тауып, атауға үйрету. Сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұжымды еңбек етуге тәрбиелеу.	1
64	«Бүтін және бөлікті ажыратамын»	Бүтінді және бөлікті салыстыруға, бөліктерден фигура құрастыруға үйрету. Жарты, ширек ұғымдарымен таныстыру. Ойлау қиялдарын дамыту. Жігерлікке тәрбиелеу.	1
65	«Заттар тобын салыстырамын» «<<<>>>, «>>>», «=>>>» белгілері»	Заттар тобын салыстыру және <, >, = белгілерімен таныстыру. Заттарды санау арқылы не артық, не кем немесе тең ұғымдарын анықтауды үйрету. Саусақ қимылдарын, ойлауын дамыту. Тілалғыштыққа тәрбиелеу.	1
66	«Қосамын және	Қосуды және азайтуды үйрету. Сурет	1

T. Aliev

	азайтамын»	бойынша есептер құрастыруға дайындау. Санау дағдыларын бекіту. Балалардың есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Байқағыштыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.	
67	«Сұйық заттарды атау»	Балаларға сұйық заттар туралы тусінік бере отырып, үйрету. Сұйық затты өлшеуіштің көмегімен өлшеуге үйрету. Сұйықтықтарды өлшеудің жалпыға бірдей тәсілі мен өлшем бірлігі метрмен таныстыру. Баланың көз мөлшерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
68	«Сусымалы заттарға нелер жатады?»	Балаларға сусымалы заттар туралы тусінік беру. Шартты өлшеуіштің көмегімен сусымалы дененің көлемін анықтауға үйрету. Коммуникативтік дағдыларын дамыту. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	1
69	«Сұйық заттар мен сусымалы заттарды өлшей аламын»	Балаларға сұйық және сусымалы заттар туралы тусініктерін бекіту. Сұйық затты өлшеуіштің көмегімен өлшеуге , сұйықтықтарды өлшеуді практикада көрсету. Сусымалы заттарды өлшеуішпен өлшеуді ұғындыру, көрсету. үйрету. Ойлауын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1
70	«Мысалдар шығарамын»	Балаларға ойдан мысалдар мен есептер құрастыруын үйрете отырып, жалғастыру. Сұрақ қою және оған жауап беру дағдыларын, ой ұшқырлығын дамыту. Сыйластыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
71	«Есептер шығарамын»	Балаларға ойын түрінде ойдан мысалдар мен есептер құрастыруын жалғастыру және үйрету. Сұрақ қою және оған жауап беру дағдыларын, ой ұшқырлығын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1
72	«Менің қолымнан не келеді және нені білемін?»	Қызықты тапсырмалар арқылы жыл бойына алған білімдерін тиянақты бекіту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін , сөйлеу тілдерін дамыту. Ауызбірлікке тәрбиелеу.	1
Барлығы:			72

Р. Аманжол

Қолданылған әдебиеттер:

1. Негізгі әдебиеттер:

- 1.1. «Қызықты 120 есеп», А.Оразов, 2001ж.
- 1.2. «Балаларды ерте дамыту институты», 2024 ж әдістемелік нұсқау хат.

2. Қосымша әдебиеттер:

- 2.1. «Апта, бес саусақ» Е.Өтетілеуұлы, Алматы кітап ЖШС, 2006ж.
- 2.2. «Математикадан дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар».
Құрманалина, Ш. Х., 2003ж.
- 2.3. Амоношвили Ш.А. «Дидактикалық ойындар»
- 2.4. Балқуатова «Ойын мен оқытуды сабақтастыра жүргізу». Бастауыш мектеп
5-2005ж. 7-8бет 13.
- 2.5. Бекжурсінова Ф. «Ойын - тиімді тәсіл». Бастауыш мектеп 2- 2000ж.
25бет.
- 2.6. Сиқырлы пішіндер және сандар әлемінде. Шымкент, 2003ж.
- 2.7. Кішібаева Д. «Ұлттық ойындарды пайдалану». Бастауыш мектеп 2-
2004ж. 22бет.
- 2.8. Төлекова «Білім берудің басты құралы - ойын» Бастауыш мектеп 4-
2000ж. 60бет.

3. Анықтама:

- 3.1. DARYNDY BALA сайт.
- 3.2. «Балалар әлемі» сайт.
- 3.3. Baldauren сайт.